«Астана қаласындағы жобалық атаулары №199, Е13, Е26 көшелердің қиылысындағы кіріктірме орын-жайлары мен паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешені» (3 тап, А блогы) (№ 2 Лот) объектісі бойынша СШ, лифтілерді монтаждау бөлігінде мердігерлік жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы

№ 14-08-94 Шарт

Астана қ. «05» 08 2014 ж.

Бұдан әрі **«Тапсырыс беруші»** деп аталатын, 2014 жылғы 30 шілдедегі № 81-ж/қ бұйрықтың негізінде әрекет етуші Бас директордың м.а. Е.Ю. Чайка тұлғасындағы **«Елорда даму» ЖШС** бір тараптан және бұдан әрі «**Мердігер**» деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет етуші директор П.Д. Де-Бенедетто тұлғасындағы **«Меркурий и К» ЖШС** екінші тараптан, бірігіп «Тараптар» деп аталып, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және 2014 жылғы 30 шілдедегі өткен конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы, № 3/16-и хаттаманың негізінде «Астана қаласындағы жобалық атаулары №199, Е13, Е26 көшелердің қиылысындағы кіріктірме орын-жайлары мен паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешені» (3 тап, А блогы) (№ 2 Лот) объектісі бойынша СШ, лифтілерді монтаждау бөлігінде мердігерлік жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) төменде көрсетілген талаптарда жасасты:

1. Терминдер

1.1. Осы Шартта төменде санамаланған ұғымдар келесі түсініктерді білдіреді:

«Тапсырыс беруші» - «Астана қаласындағы жобалық атаулары №199, Е13, Е26 көшелердің қиылысындағы кіріктірме орын-жайлары мен паркингі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешені» (3 тап, А блогы) объектісі бойынша СШ, лифтілерді монтаждау бөлігінде мердігерлік жұмыстарды орындау үшін Мердігерді жалдайтын «Елорда даму» ЖШС.

«Мердігер» - «Меркурий и К» ЖШС;

«Қосалқы мердігер» - Шарт бойынша учаскеде (Объектіде) жұмыстардың бөлігін орындауға Мердігермен шарты бар адамды немесе ұйымды білдіреді.

«Объект» - «Астана қаласындағы жобалық атаулары №199, Е13, Е26 көшелердің қиылысындағы кіріктірме орын-жайлары мен паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешені» (3 тап, А блогы).

«Учаске» - Объектінің құрылысы үшін немесе жұмыстарды жүргізуге бөлінген аумақты білдіреді;

«Шарттың бағасы» - Мердігер өзінің баға ұсынысында көрсеткен және Тапсырыс беруші қабылдаған Шарттың жалпы сомасын білдіреді;

«Шарт» - Азаматтық кодекске, Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында объектіде мердігерлік жұмыстарды орындауға жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

«Жұмыстар» - жалпы құрылыс жұмыстарының түрлері: техникалық ерекшелікке сәйкес ішкі және сыртқы есіктерді орнату, қабырғаларды және төбелерді ішкі әрлеу, еденді төсеу, баспалдақтардың, пандустардың қоршауларын монтаждау, лифт жабдығын монтаждау.

«Уақытша құрылыстар» - Объектінің құрылысы үшін

Договор № 14-08-94

о государственных закупках подрядных работ по части АР, монтажу лифтов объекта: «Многоквартирный жилой комплекс со встроенными помещениями и паркингом, г. Астана, пересечение улиц с проектными наименованиями № 199, Е13, Е26» (пятно 3, блок А) (Лот № 2)

г. Астана «05» 08 2014 г.

ТОО «Елорда даму», в лице И.о. Генерального директора Чайка Е.Ю., действующего на основании приказа от 30 июля 2014 года № 81 – ж/к, именуемое в дальнейшем **«Заказчик»,** с одной стороны и **ТОО «Меркурий и К»,** в лице директора Де-Бенедетто П.Д., действующего на основании Устава, именуемый в дальнейшем **«Подрядчик»,** с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан «О государственных закупках» (далее – Закон) и итогов государственных закупок способом конкурса, прошедшего 30 июля 2014 года, протокол № 3/16-и, заключили настоящий Договор о государственных закупках подрядных работ по части АР, монтажу лифтов объекта: «Многоквартирный жилой комплекс со встроенными помещениями и паркингом г. Астана, пересечения улиц с проектным наименованием №199, Е13, Е26» (пятно 3, блок А) (Лот № 2) (далее - Договор) на нижеследующих условиях

1. Термины

1.1. В данном Договоре ниже перечисленные термины имеют следующее толкование:

«Заказчик» – ТОО «Елорда даму», которое нанимает Подрядчика на выполнение подрядных работ по объекту «Многоквартирный жилой комплекс со встроенными помещениями и паркингом г. Астана, пересечения улиц с проектным наименованием №199, Е13, Е26» (пятно 3, блок А).

«Подрядчик» – ТОО «Меркурий и К»;

«Субподрядчик" - означает лицо или организацию, имеющие договор с Подрядчиком на выполнение части работ по Договору на участке (Объекте);

«Объект» – «Многоквартирный жилой комплекс со встроенными помещениями и паркингом г. Астана, пересечения улиц с проектным наименованием №199, Е13, Е26» (пятно 3, блок А).

«Участок» - означает территорию, отведенную для строительства Объекта или производства работ;

«Цена Договора» - означает общую сумму Договора, указанную Подрядчиком в его ценовом предложении и принятую Заказчиком;

«Договор» – гражданско-правовой акт, заключенный между Заказчиком и Подрядчиком в соответствии с Гражданским кодексом, Законом и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан на выполнение подрядных работ на объекте;

«Работы» - виды общестроительных работ: установка внутренних и наружных дверей, внутренняя отделка стен и потолков, устройство полов, монтаж ограждений лестниц, крылец и пандусов, монтаж лифтового оборудования, согласно технической спецификации.

«Временные сооружения» - означают все временные здания и сооружения, необходимые для строительства Объекта, которые возводятся, устанавливаются и

қажетті, тұрғызылатын, орнатылатын және Объектінің құрылысын аяқтағаннан кейін Мердігер алып тастайтын барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстарды білдіреді;

«Материалдар» - Объектінің құрылысы үшін Мердігер мен Қосалқы мердігер пайдаланатын барлық шығын материалдарын білдіреді;

«Жабдық» - жұмыс жобасына сәйкес Мердігер мен Қосалқы мердігердің Объектінің құрылысы үшін учаскеде уақытша тұрған барлық машиналары мен тетіктерін және Мердігермен жеткізілген Жабдықтарды білдіреді;

«Техникалық қадағалаушы» - Мердігердің мердігерлік жұмыстарды Шарттың ережелеріне сәйкес орындауына бақылауды жүзеге асыруға Тапсырыс беруші тағайындаған және Мердігерге хабарлаған адамды білдіреді;

«Күндер» - күнтізбелік күндер, «айлар» - күнтізбелік айлар;

«Өзгерістер» - Шартқа қол қойғаннан кейін Тапсырыс берушімен берілген өзгерістер;

«Ақау» - жұмыстардың Шарт ережелерін бұзып орындалған бөлігі;

«ҚНжЕ» - құрылыс нормалары және ережелері.

2. Шарттың мәні

2.1. Мердігер Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша «Астана қаласындағы жобалық атаулары №199, Е13, Е26 көшелердің қиылысындағы кіріктірме орын-жайлары мен паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешені» (3 тап, А блогы) (№ 2 Лот) объектісі бойынша СШ, лифтілерді монтаждау бөлігінде мердігерлік жұмыстарды орындауға, ал Тапсырыс беруші оларды қабылдауға және осы Шарттың 5.1 тармағында қарастырылған соманы төлеуге міндеттенеді.

2.2. Жұмыстар «Санар» жобалау-өндірістік компаниясы» ЖШС жұмыс жобасы бойынша орындалады.

2.3. Объектінің мекен-жайы: Астана қ., жобалық атауы №199, Е13, Е26 көшелердің қиылысы.

3. Осы Шартты жасаушы құжаттар

3.1. Төменде санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

3.1.1. Осы Шарт;

3.1.2. №1 қосымша – сатып алынушы жұмыстар тізбесінің көшірмесі;

3.1.3. №2 қосымша – техникалық ерекшеліктердің көшірмесі;

3.1.4. №3 қосымша – жұмыстарды жүргізу кестесі;

3.1.5. №4 қосымша – шарттық баға ведомосінің көшірмесі;

3.1.6. №5 қосымша – «Астана қаласындағы жобалық атаулары №199, Е13, Е26 көшелердің қиылысындағы кіріктірме орын-жайлары мен паркингі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешені» (3 тап) (лоттар бойынша) объектісі бойынша тараулардың бөлігінде мердігерлік жұмыстарды конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы 2014 жылғы 30 шілдедегі № 3/16-и хаттаманың көшірмесі;

3.1.7. № 6 қосымша – Шартты орындауды қамтамасыз ету.

4. Шарттың тілі және құқық нормалары

4.1. Шарт қазақ және орыс тілдерінде жасалынған.

убираются Подрядчиком после завершения строительства Объекта;

«Материалы» - означает все расходные материалы, которые Подрядчик и Субподрядчик используют для строительства Объекта;

«Оборудование» - означает все машины и механизмы Подрядчика и Субподрядчика, которые временно находятся на Участке для строительства Объекта и Оборудование, поставляемое Подрядчиком, согласно рабочему проекту;

«Технадзор» - означает лицо, назначенное Заказчиком и сообщенное Подрядчику осуществлять контроль по выполнению Подрядчиком подрядных работ в соответствии с условиями Договора;

«Дни» – календарные дни, «месяцы» - календарные месяцы;

«Изменения» – изменения, данные Заказчиком после подписания Договора;

«Дефект» – часть работ, выполненная с нарушениями условий Договора;

«СНиП» – строительные нормы и правила.

2. Предмет Договора

2.1. Подрядчик обязуется по заданию Заказчика выполнить подрядные работы по части АР, монтажу лифтов объекта: «Многоквартирный жилой комплекс со встроенными помещениями и паркингом г. Астана, пересечения улиц с проектным наименованием №199, Е13, Е26» (пятно 3, блок А) (Лот № 2), а Заказчик обязуется принять их и оплатить сумму, предусмотренную п. 5.1. настоящего Договора.

2.2 Работы выполняются по рабочему проекту ТОО «Проектно-производственная компания «Санар»».

2.3. Местонахождение Объекта: г. Астана, пересечение улиц с проектным наименованием №199, Е13, Е26.

3. Документы, составляющие настоящий Договор

3.1. Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

3.1.1. Настоящий Договор;

3.1.2. Приложение №1 – копия перечня закупаемых работ;

3.1.3. Приложение №2 – копия технической спецификации;

3.1.4. Приложение №3 – график производства работ;

3.1.5. Приложение №4 – Копия ведомости расчета договорной цены;

3.1.6. Приложение № 5 – Копия протокола от 30 июля 2014 г. № 3/16-и об итогах государственных закупок способом конкурса подрядных работ по части разделов проекта по объекту: «Многоквартирный жилой комплекс со встроенными помещениями и паркингом г. Астана, пересечения улиц с проектным наименованием №199, №Е13, №Е26» (пятно 3) (по лотам);

3.1.7. Приложение № 6 – Обеспечение исполнения Договора.

4. Язык и нормы права Договора

4.1. Договор составлен на казахском и русском языках.

4.2. Правовыми нормами Договора являются законодательные акты Республики Казахстан.

4.3. Официальное общение между Заказчиком и Подрядчиком, которое касается вопросов строительства Объекта, имеет силу только в письменном виде.

4.2. Шарттың құқықтық нормалары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері болып табылады.
4.3. Объектінің құрылысы мәселелеріне қатысты Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы ресми қарым-қатынастың тек жазбаша түрде ғана күші болады.

5. Шарттың құны

5.1. Шарт бойынша жұмыстардың құны ҚҚС қоса алғанда 135 310 450 (жүз отыз бес миллион үш жүз он мың төрт жүз елу) теңгені құрайды.
5.2. Шарттың 5.1. тармағында көрсетілген құнға № 1, 2, 3 қосымшалармен қарастырылған барлық жұмыстарды орындау кіреді.

6. Төлем тәртібі мен талаптары

6.1. Осы Шарт бойынша барлық төлемдер Тапсырыс берушінің ақша қаражаттарын Мердігердің есеп айырысу шотына аударуы жолымен жүргізіледі.
6.2. Мердігердің Шарттың 8.1. тармағымен қарастырылған міндеттерін орындауы шартымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 мамырдағы № 525 қаулысымен қарастырылған несие қаражаттарының Тапсырыс берушінің шотына түскен сәтінен бастап 10 (он) банктік күн ішінде Тапсырыс беруші Мердігерге Шарттың жалпы сомасының 15 (он бес) % көлемде аванстық төлемді (алдын-ала төлем) жүргізеді.
Мердігер төленген авансты осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін талап етілетін материалдарды, жабдықтарды және еңбекақыны төлеуге ғана жұмсауы тиіс.
6.3. Одан кейінгі төлем (Тапсырыс берушіге несие қаражатының түсуі шартымен) Жұмыстардың нақты орындалған және қабылданған көлемдері үшін 30 (отыз) банктік күн ішінде шот-фактураның және Тапсырыс берушімен бекітілген, № 3КС және № 2В нысандар бойынша орындалған жұмыстар актілерінің негізінде, атқарушы құжаттамамен қоса, орындалған жұмыстардың көлеміне пропорциялы аванстың үлесін ұстап қалумен жүргізіледі. Авансты ұстап қалу ай сайын жүргізіледі.
Осы ретте Мердігер осы Шарттың 8.21 және 8.22 тармақтарын орындамаған жағдайда Тапсырыс беруші төлемді жасамауға құқылы болады.
6.4. Мердігермен №4 қосымшаға сәйкес формалар бойынша орындалған жұмыстардың актілерін атқарушы құжаттамамен қоса ұсыну мерзімі есепті айдың 25-нен кеш емес.
6.5. Тапсырыс беруші ай сайын Мердігермен орындалған жұмыстардың сомасынан орындалған жұмыстардың құнының 5 (бес) % ұстап қалады, ол Мердігерге барлық жұмыстарды орындағаннан кейін және олқылықтар мен ақаулар тізімін жойғаннан кейін төленеді (бұдан әрі - Соңғы төлем), яғни Объекті бойынша жұмыстарды төлеу жалпы алғанда Шарт құнының 95 (тоқсан бес) % шегінде жүргізіледі, Тапсырыс берушімен Мердігерге Соңғы төлем мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісіне қол қойылғаннан кейін, Мердігермен осы Шарт бойынша міндеттемелердің толық орындалып, Ақауларды жою бойынша барлық міндеттемелер орындалғаннан кейін жүргізіледі.

7. Объекті құрылысының мерзімі

7.1. Мердігер техникалық ерекшелікке және жұмыстарды жүргізу кестесіне сәйкес 2015 жылдың 30 маусымына

5. Стоимость Договора

5.1. Стоимость работ по Договору составляет 135 310 450 (сто тридцать пять миллионов триста десять тысяч четыреста пятьдесят) тенге, включая НДС.
5.2. В стоимость указанную в п. 5.1. Договора входит выполнение всех работ, предусмотренных Приложениями № 1, 2, 3.

6. Порядок и условия платежа

6.1. Все платежи по настоящему Договору производятся Заказчиком путем перечисления денежных средств на расчетный счет Подрядчика.
6.2. Заказчик производит авансовый платеж (предоплату) Подрядчику в размере 15 (пятнадцати) % от общей суммы договора в течение 10 (десяти) банковских дней с момента поступления на счет Заказчика кредитных средств, предусмотренных постановлением Правительства Республики Казахстан № 525 от 21 мая 2014 года, при условии исполнения Подрядчиком обязанности, предусмотренных пунктом 8.1. Договора.
Подрядчик должен использовать выплаченный аванс только на оплату материалов, оборудования и заработную плату, требуемую для выполнения работ по настоящему Договору.
6.3.Последующая оплата производится (при условии поступления Заказчику кредитных средств) за фактически выполненные и принятые объемы работ в течение 30 (тридцати) банковских дней на основании счета фактуры и утвержденных Заказчиком актов выполненных работ по форме № 3КС и № 2В, с приложением исполнительной документации, с удержанием доли аванса пропорционально объему выполненных работ. Удержание аванса производится ежемесячно.
При этом, Заказчик вправе не производить оплату в случае невыполнения Подрядчиком п. 8.21 и п.8.22 настоящего Договора.
6.4. Срок предоставления Подрядчиком актов выполненных работ, вместе с исполнительной документацией не позднее 25-го числа отчетного месяца.
6.5. Из суммы выполненных Подрядчиком Работ ежемесячно Заказчик удерживает 5 (пять) % стоимости выполненных Работ, которые выплачиваются Подрядчику после выполнения всех Работ и устранения перечня недоделок и дефектов (далее - Окончательная оплата), т.е. оплата Работ по Объекту в целом производится в пределах 95 (девяносто пяти) % стоимости Договора, окончательная оплата производится Заказчиком Подрядчику после подписания Акта государственной приемочной комиссии, полного выполнения Подрядчиком обязательств по настоящему Договору и всех его обязательств по исправлению Дефектов.

7.Срок строительства объекта

7.1. Подрядчик обязуется в соответствии с технической спецификацией и графиком производства работ обеспечить завершение всех видов работ в полном объеме, в срок до 30 июня 2015 г.
7.2. Подрядчик вправе досрочно выполнить договорные обязательства.
7.3. Настоящий Договор вступает в силу со дня подписания.
7.4. Срок действия Договора до полного выполнения сторонами своих обязательств.

дейін толық көлемде Жұмыстардың барлық түрлерін аяқтауды қамтамасыз етуге міндет алады.
7.2. Мердігер шарттық міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауға құқылы.
7.3. Осы Шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.
7.4. Шарттың әрекет ету мерзімі Тараптардың өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін.

8. Мердігердің құқықтары мен міндеттері

8.1. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігер банктік кепілдеме немесе кепілді ақшалай жарна түрінде осы Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Тапсырыс берушінің банктік шотына Шарт Бағасының 15 (он бес) % көлемінде енгізуге міндетті. Осы ретте Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің әрекет ету мерзімі Шарт бойынша міндеттемелерді (жұмыстарды) орындау мерзіміне тең болуы тиіс. Мердігердің Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші бір тұлғалардың енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға толығымен не бір бөлігінде талап ету құқықтарының туындауын келтіріп шығаратын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді. Тапсырыс берушінің Мердігер енгізген кепілді ақшалай жарнаны Заңда көзделмеген мақсаттарға пайдалануына жол берілмейді.
8.2. Мердігер Шартқа қол қою сәтінде Тапсырыс берушіге бекіту үшін жұмыстарды жүргізу кестесін ұсынады, бұл кестеде Объектінің құрылысы бойынша жұмыстарды орындау тәртібі мен мерзімдері көрсетіледі.
8.3. Мердігер жобалық құжаттаманың негізінде осы Шартпен қарастырылған барлық жұмыстарды орындауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.
8.4. Мердігер жұмыстардың жүру уақытында Техника қауіпсіздігі, Өрт қауіпсіздігі және Өндірістік санитария бойынша қажетті шараларды сақтауды және орындауды қамтамасыз етуге міндетті. Тапсырыс берушінің алдында құқыққа қайшы келетін әрекеттерінің немесе Мердігердің қызметкерлерінің әрекетсіздігінің нәтижесінде келтірілген залал үшін жауапкершілікке ие болады.
8.5. Мердігер осы тармақтың 2-абзацына сәйкес қосалқы мердігерлік ұйымдармен Жұмыстардың жалпы көлемінің (Шарт бағасының) 2/3 (үштен екі) бөлігінен аспайтындай Шарт жасасуға құқылы, сонымен қатар Мердігер Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз Шартты үшінші тұлғаға бере алмайды. Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы Шарттың талаптарын өзгертпейді.
Мердігер Тапсырыс берушінің алдын-ала жазбаша келісімімен қосалқы мердігер ұйымдарды тартуға құқылы.
8.6. Учаскеде қосалқы мердігерлер бар болса, Мердігер өзінің жұмыстарын олармен үйлестіріп отыруы тиіс.
8.7. Егер Тапсырыс беруші Мердігердің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын адамды, негізделген себептерін көрсете отырып, Объектіде Жұмыстарды орындаудан алыстатуды сұрайтын болса, Мердігер мұндай адамды 72 (жетпіс екі) сағат ішінде Объектіден кетіруге міндетті, одан кейін бұл адамның осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындаумен ешқандай байланысқа ие болмауы тиіс.
8.8. Жұмыстың барысы мен сапасына тиісті бақылауды қамтамасыз етуге және Тапсырыс берушіге уақытында Жұмыстың барысы мен сапасына бақылауды жүзеге

8. Права и обязанности Подрядчика

8.1. В течение 10 (десяти) рабочих дней после подписания настоящего Договора, Подрядчик обязан внести обеспечение исполнения настоящего Договора в виде банковской гарантии или гарантийного денежного взноса, который вносится на банковский счет Заказчика, в размере 15 (пятнадцати) % от Цены Договора. При этом срок действия обеспечения исполнения Договора должен быть равен сроку выполнения обязательств (работ) по Договору. Не допускается совершение Подрядчиком действий, приводящих к возникновению у третьих лиц права требования в целом либо в части на внесенный гарантийный денежный взнос до полного исполнения обязательств по Договору. Не допускается использование Заказчиком гарантийного денежного взноса, внесенного Подрядчиком, на цели, не предусмотренные Законом.
8.2. Подрядчик в момент подписания Договора представляет Заказчику на утверждение график производства работ, где излагаются порядок и сроки выполнения работ по строительству Объекта.
8.3. Подрядчик обязуется обеспечить выполнение всех работ, предусмотренных настоящим Договором, на основании проектной документации.
8.4. Подрядчик обязан обеспечить соблюдение и выполнение необходимых мероприятий по Технике безопасности, Пожарной безопасности и Производственной санитарии во время производства Работ. Нести ответственность перед Заказчиком за ущерб, причиненный вследствие противоправных действий или бездействия работников Подрядчика.
8.5. Подрядчик вправе заключать Договоры с субподрядными организациями, не более 2/3 от общего объема работ (Стоимости Договора) согласно абзацу 2 настоящего пункта, Подрядчик также не может передавать Договор третьему лицу без письменного разрешения Заказчика. Наличие Субподрядчиков не меняет условия Договора между Заказчиком и Подрядчиком.
Подрядчик вправе привлекать субподрядные организации с предварительного согласования Заказчика.
8.6. При наличии на Участке субподрядчиков Подрядчик должен координировать свои работы с ними.
8.7. Если Заказчик просит Подрядчика отстранить от выполнения работ на Объекте лицо, являющееся работником Подрядчика или субподрядчика, указывая при этом обоснованные причины, Подрядчик обязан удалить это лицо с Объекта в течение 72 (семидесяти двух) часов, после чего данное лицо не должно иметь никаких связей с выполнением работ по данному Договору.
8.8. Обеспечить надлежащий контроль за ходом и качеством Работ и своевременно уведомлять Заказчика о необходимости участия в осуществлении контроля за ходом и качеством Работ, приемки отдельных Работ.
8.9. Подрядчик обязан контролировать и направлять работу, используя знания и все имеющиеся возможности. Подрядчик несет полную ответственность и осуществляет контроль за средствами, методами, техникой, последовательностью и качеством выполнения работ, а также координацией всех работ по Договору.
8.10. Подрядчик несет ответственность перед Заказчиком

асыруға, Жұмыстардың жеке түрлерін қабылдауға қатысу қажеттілігі туралы хабар беруі тиіс.

8.9. Мердігер білімін және қолда бар барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жұмысты бақылап және бағыттап отыруға міндетті. Мердігер құралдар, әдістер, техника, дәйектілік және жұмыстардың орындалу сапасын, сондай-ақ Шарт бойынша барлық жұмыстарды үйлестіру үшін толығымен жауапты және бақылауды жүзеге асырады.

8.10. Мердігер өз қызметкерлерінің, Қосалқы мердігердің (лердің), Қосалқы мердігердің (лердің) қызметкерлері мен сенім білдірілген адамдарының, сондай-ақ Мердігермен шарт негізінде Шарт шеңберіндегі жұмыстардың бір бөлігін орындайтын басқа да адамдардың іс-әрекеттері мен кемшіліктері үшін Тапсырыс беруші алдында жауапты болады.

8.11. Мердігер осы Шарт бойынша орындалған жұмыстарды және жұмыспен байланысты барлық Материалдарды, Жабдықтарды, ресурстар мен басқа да позицияларды жаңбырмен, тасқынмен, аязбен, өртпен, ұрлаумен және басқа да себептермен байланысты залалдың, зақымдалудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер жұмыс жүргізу барысында жоба бойынша басқа да жұмыстарды қорғауды қамтамасыз етуі тиіс, сонымен бірге Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі орын-жайларды, соның ішінде (бірақ мұнымен шектелмейді) жолдарды, ғимараттарды, қоймаларды, Материалдарды және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің басқа түрлерін зақымдаудың немесе басқа да себептердің кез келген түрінен қорғауды қамтамасыз етуі тиіс. Жоғарыда жазылғандарға байланысты Мердігермен келтірілген барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарабынан өтелуге жатпайды.

8.12. Тапсырыс беруші Мердігердің жоғарыда айтылған себептермен оларды толық аяқтағанға және қабылдағанға дейін жұмыстардың қандай да бір зияны немесе зақымдануы үшін жауапкершілік көтермейді және Мердігер өз есебінен қандай да бір зиянды, қандай да бір зақымдануды және жоғары айтылғандардың нәтижесінде өзге де ақауларды толығымен түзетуді жүзеге асырады.

8.13. Мердігер дербес және өз есебінен жұмыстар басталғанға дейін құрылыс уақытында құрылысқа, электр беру және байланыс желілерінің аумағында, жер асты коммуникацияның өту жерлерінде, қалалық жолдардың жүргінші жолдарында және т.б. жұмыстарды жүргізу үшін бар көздерден электроэнергияны, суды, жылу энергиясын қолдануға сәйкес органдармен шарттар жасасу жолымен рұқсатты ресімдеуге міндетті.

8.14. Мердігер Тапсырыс берушімен белгіленген қосылу нүктелерінен су және электрэнергияны қосуға және бөлуге жауапкершілік тартады.

8.15. Мердігер Тапсырыс берушінің мүлкіне, меншігіне шығындар немесе залал келтірумен және өз қызметкерлерінің денсаулығына, сондай-ақ өз қызметкерлерінің мерт болуымен байланысты және Шартты орындау ағымында және салдарынан туындайтын барлық тәуекел үшін жауапты болады.

8.16. Мердігер ақауларды жою кезеңін қоса алғанда, жұмыстар басталған күннен Жұмыстар толық аяқталғанға дейінгі кезеңге Тапсырыс берушінің пайдасына Объектіні, қызметкерлерді, жабдықтарды сақтандыра алады.

8.17. Мердігер сақтандыру полистерін Шарттың 8.16 тармағын орындаған жағдайда Тапсырыс берушіге

за действия и упущения своих работников, Субподрядчика (ов), работников и доверенных лиц Субподрядчика (ов), а также других лиц, выполняющих части работ в рамках Договора, на основании договора с Подрядчиком.

8.11. Подрядчик обязан обеспечивать защиту выполненных работ и всех Материалов, Оборудования, ресурсов и прочих позиций, связанных с работами по настоящему Договору, от всех видов ущерба, повреждения, уничтожения, связанных с дождем, наводнением, морозом, пожаром, кражами и прочими причинами. Подрядчик при производстве своих работ должен обеспечивать защиту других работ по проекту, а также собственность, принадлежащую Заказчику, и принадлежащие ему сооружения от каких-либо видов повреждения или других причин, включая (но, не ограничиваясь этим) дороги, здания, склады Материалов и прочие виды движимого и недвижимого имущества. Все затраты, понесенные Подрядчиком в связи с вышеизложенным, не подлежат возмещению со стороны Заказчика.

8.12. Заказчик не несет ответственности за какой-либо ущерб или какие-либо повреждения работ Подрядчика по причинам вышеизложенным до их полного завершения и приемки, и Подрядчик за свой счет осуществляет все исправления какого-либо ущерба, каких-либо повреждений и прочих дефектов в результате вышеизложенного.

8.13. Подрядчик обязан самостоятельно и за свой счет оформить до начала работ разрешение на пользование на время строительства электроэнергией, водой, тепловой энергией, от существующих источников на строительство, производство работ в зоне линий электропередачи и связи, местах прохождения подземных коммуникаций, проезжей части городских дорог и др. путем заключения договора с соответствующими органами.

8.14. Подрядчик несет ответственность за выполнение подключения и за распределение воды и электроэнергии от точек подключения, определяемых Заказчиком.

8.15. Подрядчик несет ответственность за весь риск, который связан с убытками или нанесением ущерба имуществу Заказчика, собственности и здоровью своих работников, а также гибелью своих работников, и возникающий в течение и вследствие выполнения Договора.

8.16. Подрядчик может застраховать объект, работников, оборудования в пользу Заказчика на период от Даты начала работ до полного окончания работ, включая период устранения дефектов.

8.17. Страховые полисы должны быть представлены Подрядчиком Заказчику для утверждения до начала работ в случае выполнения п.8.16. Договора.

8.18. Никакие изменения условий страхования Подрядчик не должен делать без согласия Заказчика.

8.19. Подрядчик полностью отвечает за технику безопасности производства работ на Объекте.

8.20. Обе Стороны должны соблюдать условия страховых полисов.

8.21. Подрядчик обязан предоставлять информацию о ходе исполнения обязательств и подтверждающие документы о целевом использовании аванса (счет-фактуры, накладные и т.д.), по требованию

жұмыстар басталатын Күнге дейін ұсынуы тиіс.
8.18. Мердігер Тапсырыс берушінің келісімінсіз сақтандыру шарттарын өзгертпеуі тиіс.
8.19. Мердігер Объектідегі Жұмыстар өндірісінің қауіпсіздік техникасы үшін толығымен жауап береді.
8.20. Екі тарап та сақтандыру полистерінің шарттарын сақтауға тиіс.
8.21. Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша міндеттемелерді орындау барысы туралы ақпаратты және аванстың нысаналы қолданылуы туралы растаушы құжаттарды (шот-фактуралар, жөнелтпе құжат және т.б.) ұсынуға міндетті.
8.22. Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шарттың 8.21. тармағына сәйкес талап етілетін аванстың нысаналы қолданылуы туралы ақпаратты, соның ішінде, бірақ онымен ғана шектелмейді, ақшалай аванстың нысаналы қолданылуы туралы есеп беруге міндетті.
8.23. Мердігер өз есебінен Объектінің техникалық түгендеуін жүзеге асыруға міндетті.
8.24. Мердігер конкурстық өтінімге сәйкес жергілікті құрамды қамтамасыз етуге міндетті (ол болған жағдайда).
8.25. Мердігер осы Шартқа қол қою арқылы берілген/аударылған ақша сомалары туралы мәліметтерді және Шарт бойынша міндеттемелерін орындауы туралы мәліметтерді кез келген мүдделі мемлекеттік органдарға және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ ашуға өз келісімін береді.
8.26. Мердігер құрылыс кезеңінде техникалық шарттарды және электр энергияны, суды, телефон байланысын уақытша қолдану үшін қосу нүктелерін жеке өзі алады. Осы ретте қызметтерді пайдалану жөніндегі шығындар Мердігермен төленеді.
8.27. Мердігер өз есебінен Тапсырыс берушінің өкілдерінің және басқа да мүдделі тұлғалардың қатысуымен жылу изоляциясы бойынша жұмыстардың тиісті орындалуын анықтау үшін арнайы құрылғыларды (тепловизор) қолданумен тұрғын үй кешенін тексеруді жүзеге асыруға міндетті. Жылудың кемуі анықталған жағдайда Мердігер көрсетілген фактілердің туындауына себепкер болған себептерді жоюға міндетті. Жүргізілген тексеріс туралы сәйкес акт жасалынады.

9. Тапсырыс берушінің құқықтары мен міндеттері

9.1. Тапсырыс беруші Жұмыстарды жүргізуге рұқсатты ресімдейді.
9.2. Осы Шартқа қол қойған сәттен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде Тапсырыс беруші Мердігерге жобалық құжаттаманы береді.
9.3. Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарына сәйкес Мердігерге Шарт бойынша орындалған Жұмыстардың төлемін жүргізуге міндеттенеді.
9.4. Тапсырыс беруші Мердігерден растаушы құжаттармен бірге аванстың нысаналы қолданылуы туралы ақпаратты сұратуға және алуға құқылы.
9.5. Тапсырыс берушінің немесе оның уәкілетті тұлғасының Учаскеге немесе Шарт бойынша Жұмыстар орындалып жатқан немесе орындалатын кез келген басқёёа орынға әрқашан рұқсаты болады.
9.6. Егер Мердігер Шарттық құжаттардың талаптарын бұзып орындалған Жұмыстарды түзету жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ егер Мердігер жобалау-смета құжаттамасына сәйкес Жұмысты соңына дейін орындауға қабілетсіз болып шықса, Тапсырыс

Заказчика.
8.22. Подрядчик обязан предоставить Заказчику информацию о целевом использовании аванса, требуемую им в соответствии с п.8.21 настоящего Договора, в том числе, включая, но не ограничиваясь, отчет о целевом использовании денежного аванса.
8.23. Подрядчик обязан за свой счет осуществить техническую инвентаризацию Объекта.
8.24. Подрядчик обязуется обеспечить местное содержание согласно конкурсной заявке (при его наличии).
8.25. Подрядчик подписанием настоящего Договора дает свое согласие на раскрытие сведений о предоставленных/перечисленных суммах денег и сведений об исполнении им обязательств по Договору любым заинтересованным государственным органам и АО «ФНБ «Самрук - Қазына».
8.26. Подрядчик самостоятельно получает на период строительства технические условия и точки подключения для временного пользования электроэнергией, водой, телефонной связью. При этом расходы по использованию услуг оплачиваются Подрядчиком.
8.27. Подрядчик обязан за свой счет при присутствии представителей Заказчика и иных заинтересованных лиц осуществить обследование жилого комплекса с использованием специальных приборов (тепловизор) для установления надлежащего исполнения работ по теплоизоляции. В случае обнаружения фактов утечки тепла Подрядчик обязан устранить причины, послужившие возникновению указанных фактов. О проведенном обследовании составляется соответствующий акт.

9. Права и обязанности Заказчика

9.1. Заказчик оформляет разрешение на производство Работ.
9.2. Заказчик передает проектную документацию Подрядчику в течение 5 (пяти) банковских дней после подписания настоящего Договора.
9.3. Заказчик обязуется оплатить Подрядчику выполненные по Договору работы в соответствии с условиями настоящего Договора.
9.4. Заказчик вправе запрашивать и получать от Подрядчика информацию о целевом использовании аванса с предоставлением подтверждающих документов.
9.5. Заказчик или его уполномоченное лицо всегда имеют доступ к Участку или любому другому месту, где выполняются или будут выполняться работы по Договору.
9.6. Если Подрядчик не выполняет свои обязательства по исправлению работ, выполненных с нарушением требований договорных документов, а также, если Подрядчик оказывается неспособным выполнить работу до конца в соответствии с проектной документацией, Заказчик письменным предписанием может отдать распоряжение Подрядчику об остановке работ в целом или ее части до устранения причин остановки.
9.7. Заказчик назначает своих Представителей согласно настоящему Договору и уведомляет другую Сторону об этом в письменной форме.
9.8. Заказчик должен осуществить технический надзор за выполнением Работ через своего Представителя, используя при этом качественные критерии, заложенные в действующих строительных нормах и правилах

беруші жазбаша нұсқамамен Мердігерге тоқтап қалу себептерін жойғанға дейін жұмыстарды тұтастай немесе жұмыстардың бір бөлігін тоқтату туралы өкім бере алады.

9.7. Тапсырыс беруші осы Шартқа сәйкес өзінің Өкілдерін тағайындайды және басқа Тарапты бұл туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

9.8. Тапсырыс беруші өзінің Өкілі арқылы құрылыста қолданылатын Қазақстан Республикасының қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелерінде, техникалық шарттары мен стандарттарындағы сапалық өлшемдерді қолдана отырып Жұмыстардың орындалуына техникалық қадағалауды жүзеге асыруы тиіс.

9.9. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін Тапсырыс беруші 10 (он) күн ішінде қабылдап-тапсыру актісі бойынша Мердігерге Учаскені тапсырады.

10. Кепілдемелер

10.1. Мердігер Тапсырыс берушіге шарт бойынша жеткізіп берілетін Материалдар мен Жабдықтардың сапасы мен техникалық сипаттамасы бойынша жоба мен ҚНжЕ сәйкес болатындығына кепіл береді, сонымен қатар Мердігер Материалдар мен Жабдықтың сапасын растайтын сертификаттар мен басқа да құжаттарды ұсынуы тиіс. Мердігер жұмыс оның сапасын төмендететін Ақауларсыз орындалатынына, жұмыстың құрамы жобалау-сметалық құжаттаманың және ҚНжЕ талаптарына сәйкес болатындығына кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, жеткілікті негізделмеген және санкцияланбаған өзгерістері жұмыс ақаулы деп танылады. Мердігер жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру ережелерін бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның ұйғарынды тозуы немесе бүлінуі себебінен залалды өтеу немесе Ақауды түзету Мердігер беретін кепілдіктерге кірмейді.

10.2. Мердігер Объектіні қолданыска енгізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін орындалушы жұмыстардың құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес келетіндігіне кепіл береді.

10.3. Мердігер кепілдік мерзім бойы Шартқа сәйкес сметалық құжаттамада көрсетілген көрсеткіштерге қол жеткізуді және Объектіні пайдалануға беру мүмкіндігіне кепілдік береді, осы ретте Мердігердің орындалған Жұмыстар үшін беретін кепілдік мерзімі Объектіні Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға бергеннен кейін 24 (жиырма төрт) айды құрайды. Жабдық пен Материал бойынша кепілдік мерзім дайындаушы зауыттардың сертификаттарына (төлқұжатқа) сәйкес белгіленеді.

11. Материалдар мен Жабдықтар

11.1. Мердігер Объектіге жеткізілуі тиіс, Мердігермен жеткізілетін барлық Материалдар мен Жабдықтарды тасымалдау, тиеу, сақтау, жеткізуді ұйымдастыру үшін жауапты болады. Жеткізу тек қана Мердігердің атына жүзеге асырылады. Ешқандай жағдайда да Тапсырыс беруші жеткізуге, өңдеуге, сақтауға және көлік құралдарының тоқтап тұруына ақы төлеумен байланысты шығынтар үшін жауап беруге тиіс емес. Ешқандай да жеткізу Тапсырыс берушінің атына жіберілмеуі тиіс.

11.2. Мердігер Тапсырыс берушіге Учаскеде Материалдар мен Жабдықтар алу кестесін береді. Сақтау, төсеу немесе қатарлап жинау үшін құрылыс ұйымының жобасымен

Республики Казахстан, технических условиях и стандартах, применяемых в строительстве.

9.9. Заказчик передает Участок Подрядчику по акту приема – передачи в течение 10 (десяти) дней после подписания настоящего Договора.

10. Гарантии

10.1. Подрядчик гарантирует Заказчику, что Материалы и Оборудование, поставляемые по Договору, будут соответствовать по качеству и техническим характеристикам проекту и требованиям СНиП, Подрядчиком также должны быть представлены сертификаты и другие документы, подтверждающие качество на Материалы и Оборудование. Подрядчик гарантирует, что работа будет выполнена без Дефектов снижающих её качество, что состав работы будет соответствовать требованиям проектно-сметной документации и СНиП. Работа не соответствующая этим требованием, в том числе содержащая недостаточно обоснованные и несанкционированные изменения признаётся дефектной. В гарантии, предоставляемые Подрядчиком, не входит возмещение ущерба или исправление Дефекта, возникших по причине нарушения правил эксплуатации, модификаций, осуществленных не Подрядчиком, неправильного содержания или недостаточного технического обслуживания, а также по причине допустимого износа или порчи оборудования при его нормальной эксплуатации.

10.2. Подрядчик гарантирует качество выполняемых работ в соответствии со строительными нормами и правилами, позволяющее обеспечить ввод Объекта в эксплуатацию.

10.3. Подрядчик гарантирует достижение указанных в проектной документации показателей и возможность эксплуатации Объекта в соответствии с Договором на протяжении гарантийного срока, при этом гарантийный срок, предоставляемый Подрядчиком на выполненные Работы, составляет 24 (двадцать четыре) месяца после сдачи Объекта Государственной приемочной комиссии. По Оборудованию и Материалам гарантийный срок устанавливается согласно сертификатам (паспортам) заводов изготовителей.

11. Материалы и Оборудование.

11.1. Подрядчик несет ответственность за организацию поставок, транспортирования, разгрузки и хранения всех поставляемых Подрядчиком Материалов и Оборудования, которые должны быть доставлены на Объект. Поставки осуществляются исключительно на имя Подрядчика. Ни при каких обстоятельствах Заказчик не должен нести ответственность за расходы, связанные с поставкой, обработкой, хранением и оплатой простоя транспортных средств. Никакие поставки не должны быть адресованы Заказчику.

11.2. Подрядчик предоставляет Заказчику график получения Материалов и Оборудования на Участке. Для хранения, укладки или штабелирования могут использоваться только участки, предусмотренные проектом организации строительства и проектом производства работ. По требованию Заказчика Подрядчик должен предоставить документы, удостоверяющие качество материалов и оборудования.

және жұмыстарды жүргізу жобасымен қарастырылған учаскелер ғана пайдаланылуы мүмкін. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтардың сапасын куәландырылатын құжаттарды ұсынуы тиіс.

12. Жұмыстарды тапсыру-қабылдау

12.1. Жұмыстарды тапсыру-қабылдау Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасында әрекет етуші нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

12.2. Мердігер Шартта айтылған барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге жұмыстардың аяқталғаны туралы хабарлама жібереді. Тапсырыс беруші Мердігерден Жұмыстардың аяқталғандығы туралы жазбаша хабарламаны алғаннан кейін Шарттың 20-бабына сәйкес Жұмыстарды қабылдауды ұйымдастырады.

12.3. Жұмыстарды қабылдау барысында ақаулар мен олқылықтар табылған жағдайда, тараптар оларды нақты сипаттап, бұл ақауларды жою мерзімін көрсете отырып, Акт жасайды. Оларды жойғаннан кейін жұмыстарды қайта қабылдау жүргізіледі.

12.4. Жұмыстарды қабылдау актісіне қол қою Мердігердің Шарт бойынша Жұмыстарды орындағандығын растайтын факт болып табылады.

12.5. Мемлекеттік қабылдау комиссиясының Объектіні қабылдау туралы Актісі Тапсырыс берушінің Мердігермен соңғы есеп айырысуды жүргізуіне негіз болып табылады.

13. Ақауларды жою

13.1. Тапсырыс беруші табылған кез келген Ақаулар туралы Ақауларды түзету мерзімін көрсете отырып, Мердігерді жазбаша түрде хабардар етеді.

13.2. Мердігер Ақаулар туралы хабарламаны алғаннан кейін Тараптармен келісілген орынды уақыт кезеңі ішінде Ақауды жоюға міндетті.

13.3. Егер Мердігер жұмысты түзете алмаса немесе түзеткісі келмесе және Тапсырыс берушіден бұл туралы жазбаша ескерту алғаннан кейін 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жазбаша немесе әрекеттерімен жауап бермесе, Тапсырыс беруші өзінің басқадай әсер ету әдістерін қолдану құқығынан бас тартпастан, осы жұмысты өз күшімен орындай алады. Мұндай жағдайларда төлемге жатқызылған немесе Мердігерге төленуі тиіс болған сомадан Тапсырыс берушінің қосымша қызметтер үшін мәжбүрлі шығындары өтемін қоса алғанда, көрсетілген Ақауларды түзету құны шегеріледі. Егер Мердігерге төлеуге тиісті сома көрсетілген шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз болса, Мердігер Тапсырыс берушіге айырманы өз қаражатынан төлеуге міндетті.

13.4. Тапсырыс беруші жұмысты немесе конструкцияны тексеру үшін сынақ жүргізе алады. Егер тексеруден кейін тексерілген жұмыс немесе конструкция ақаулы болып шықса, Мердігер жұмыстардың Ақауын түзетеді және конструкцияны алмастырады.

14. Форс-мажор

14.1. Егер дүлей апат, әскери іс-қимылдар немесе Тапсырыс беруші немесе Мердігер бақылай алмайтын қандай басқа бір басқа форс-мажорлық оқиға Шарттың орындалуын бұзса, Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұруын куәландырады. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін 10 (он) күн ішінде Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және жұмысты

12. Сдача-приемка работ

12.1. Сдача-приемка Работ производится в соответствии с условиями Договора и нормативными документами, действующими в Республике Казахстан.

12.2. После окончания всех Работ по Договору. Подрядчик извещает Заказчика об их окончании. Заказчик, после получения письменного уведомления от Подрядчика о завершении Работ, организует приемку Работ, согласно статье 20. Договора.

12.3. В случае обнаружения при приемке Работ дефектов и недостатков стороны составляют Акт с их конкретным описанием и указанием сроков их устранения. После их устранения проводится повторная приемка работ.

12.4. Подписание Акта приемки работ является фактом, подтверждающим выполнение Подрядчиком Работ по Договору.

12.5. Акт государственной приемочной комиссии о приеме Объекта является основанием для проведения Заказчиком окончательных расчетов с Подрядчиком.

13. Устранение дефектов

13.1. Заказчик письменно уведомляет Подрядчика о любых обнаруженных Дефектах с указанием срока исправления Дефектов.

13.2. Получив уведомление о Дефектах, Подрядчик обязан устранить Дефект в течение периода времени, указанного Заказчиком.

13.3. Если Подрядчик не может или не хочет исправить работу и не отвечает письменно или действиями в течение 7 (семи) календарных дней после получения письменного замечания об этом от Заказчика, Заказчик имеет право исправить указанные Дефекты, не отказываясь от своего права на применение других методов воздействия и выполнить эту работу своими силами. В таких из суммы уже подлежащей к выплате или суммы, предназначенной для выплаты Подрядчику, вычитается стоимость корректировки указанных Дефектов, включая компенсации вынужденных затрат Заказчика за дополнительные услуги. Если суммы, подлежащие выплате Подрядчику, недостаточны для покрытия указанных расходов, Подрядчик обязан выплатить Заказчику разницу из своих средств.

13.4. Заказчик может провести испытание, чтобы проверить работы или конструкцию. Если после проверки окажется, что проверенная работа или конструкция дефектная, Подрядчик за свой счет исправляет Дефект и заменяет конструкцию.

14. Форс-мажор

14.1. Если стихийное бедствие, военные действия или какое-либо другое форс-мажорное событие, не подконтрольное Заказчику или Подрядчику, срывает выполнение Договора, Заказчик удостоверяет приостановку договора. Подрядчик в течение 10 (десяти) дней с момента получения уведомления о приостановке обеспечивает консервацию Объекта и останавливает работы. Заказчик производит оплату Подрядчику за объем работ, выполненных до даты остановки Объекта и за работы, связанные с консервацией Объекта.

15. Продление срока выполнения работ

15.1. Следующие события влекут за собой изменения сроков продолжительности работ:

15.1.2. Если Заказчик не оформил разрешение на

тоқтатады. Тапсырыс беруші Мердігерге Объектіні тоқтатқан күнге дейін орындалған жұмыстардың барлық көлемі үшін және Объектіні консервациялауға байланысты жұмыстар үшін ақы төлеуді жүргізеді.

15. Жұмыстарды орындау мерзімін ұзарту

15.1. Мынадай оқиғалар Жұмыстардың ұзақтығы мерзімін өзгертуге әкеледі:

15.1.2. Егер Тапсырыс беруші құрылысқа рұқсатты ресімдемесе;

15.1.3. Егер форс-мажорлық жағдайлар орын алса;

15.1.4. Тапсырыс беруші Мердігерге Шартпен жоспарланбаған сынақтарды өткізу үшін жұмыстарды тоқтатуға нұсқама берсе. Егер осы сынақтар қандай да бір ақауларға нұсқамаса, онда сынақ өткізу үшін жұмыстарды тоқтату уақыты жұмыстарды орындаудың шарттық мерзіміне қосылады;

15.1.5. Егер жұмыстарды орындау процессінде қосымша еңбек шығындарын талап ететін жұмыстардың жасырын қосымша көлемдері белгілі болса, бұл туралы Мердігер Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуі тиіс;

15.1.6. Тапсырыс берушімен объективті деп танылған және жұмыстарды орындау үшін қосымша мерзімдерді талап ететін басқа жағдайларда.

15.1.7. Тапсырыс беруші Объектінің барлық учаскелерін қолдануға рұқсат бермейді, бұл болса жұмыстарды орындауды кідіртеді; Бұл жағдайда Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша міндеттерді орындау мерзімін ұзартуы тиіс.

15.1.8. аванстық төлем кідіртіледі;

